

Н.М. Касымбекова* , **Т.М. Көпбаев** , **А.А. Тасилова** 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: kassymbekova.nazira@gmail.com

ҚАЗАҚТІЛДІ КОНТЕНТТІҢ ТЕЛЕГРАМДА ХАБАР ТАРАТУЫ

Бүгінде әлеуметтік желілердің функциясы өзгерген. Олар бастапқы коммуникация құралы ретіндегі міндеттеріне енді ақпаратты түрлі жанрда, түрлі формада тарату қызметін де жүктеді.

Бұл зерттеудің мақсаты – қазақ тіліндегі контенттің телеграмда хабар тарату әдіс-тәсілдерін зерттеу. Телеграмның өзге әлеуметтік желілерден артықшылықтарының бұқаралық ақпарат құралдарының бәсекелесіне айналуына себепкер болғанын анықтау. Бұл мақсатқа жету үшін қазақ тілінде хабар тарататын бір ақпараттық порталды алып, оның телеграмдағы контентіне, форматына талдау жасау міндеті қойылды. Зерттеу нәтижесі бойынша телеграмның дәстүрлі медиадағы салалық басылымдардың баламасы екені анықталды. Яғни, телеграм арналары белгілі бір бағытты ұстанып, сол бойынша хабар таратады. Сондай-ақ 1 минутқа дейінгі колобок видеолар мен жаңалықтардың аудио нұсқасы енді оқырман жинай бастаған, жаңадан ашылған телеграм арналарына тән екені анықталды. Өйткені оқырман саны 100 мыңнан асатын арналардан мұндай контент түрі анықталған жоқ. Бұдан бөлек, ақпараттық бағыттағы телеграм арналарына жазылушылар саны мерзімді басылым тиражынан әлдеқайда көп екені анықталды.

Телеграм қолдану қауіпсіздігі бойынша да, қолданушының жеке деректерін қорғау бойынша да сенімді әлеуметтік желіге жатады. Контенттердің сапасын сақтау кезінде де аудитория осы желіге көп жүгінеді. Сондай-ақ 2019 жылдары елімізде қақтығыстар болып, интернет бұғатталғанда тұрғындар VPN арқылы интернетке қосылып, ақпаратты осы телеграм желісі арқылы алған. 2022 жылы Қаңтар оқиғасы кезінде де халық интернетке прокси серверлер арқылы кіріп, жаңалықтарды телеграм арқылы біліп отырды.

Мақалада статистикалық деректер келтіріліп, салыстыру мен зерттеу тақырыбына байланысты контент талдау мен сандық әдістері де қолданылды. Сондай-ақ шетелдік сарапшылардың пікірлері келтірілді.

Телеграм арнаға сайттағы үлкен материалдың қысқа ғана түрі салынып, толық оқу үшін сайтқа қайта сілтеме беріледі. Сонымен қатар ол жерде де аудиториямен байланыстың әр түрлері жасалады. Сауалнама, ақпаратқа пікір қалдыру сынды әрекеттер оқырмандармен қарым-қатынасты нығайтып отыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу мақаласының практикалық маңыздылығы ретінде ақпараттарды телеграм каналдарға бейімдеп, сол арқылы газетке, сайтқа, телеарнаға аудитория тартуды айтуға болады. Одан бөлек, телеграмға контент дайындауда жаңашылықтар ала алады.

Түйін сөздер: әлеуметтік желілер, телеграм, салалық БАҚ, жаңа медиа, қауіпсіздік, прокси сервер, интернетті бұғаттау.

N.M. Kassymbekova*, T.M. Kopyayev, A.A. Tassilova

Al Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

*email: kassymbekova.nazira@gmail.com

Broadcasting of Kazakh content in Telegram

Today, the function of social media has changed. Apart from their responsibilities as the primary means of communication, they have also taken on the function of disseminating information in various genres and forms.

The purpose of this research is to study methods of broadcasting content in the Kazakh language in Telegram. Find out why Telegram's advantages over other social networks have made it a media competitor. To achieve this goal, the task was set to take one information portal broadcasting in the Kazakh language and analyze its content and format in Telegram. Also, it has been established that the number of subscribers to Telegram information channels significantly exceeds the circulation of periodicals.

Telegram is a reliable social network both in terms of security and in protecting the personal data. Even if the quality of the content is maintained, the audience will often turn to this network. Also in 2019, when there were conflicts in the country and the Internet was blocked, residents connected to the Internet via VPN and received information through this Telegram network. Even during the Jan-

uary 2022 incident, people accessed the Internet through proxy servers and received news through Telegram.

The article provides statistical data; comparison, content analysis and quantitative methods are used. The opinions of foreign experts were also given.

The practical significance of the research article lies in adapting information to Telegram channels. In addition, they will be able to receive updates on the preparation of content for Telegram.

Keywords: social networks, Telegram, industry media, new media, security, proxy server, Internet blocking.

Н.М. Касымбекова*, Т.М. Копбаев, А.А. Тасилова
Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
*e-mail: kassymbekova.nazira@gmail.com

Распространение казахского контента в Telegram

Сегодня функция социальных сетей изменилась. Помимо своих обязанностей основного средства коммуникации, они также взяли на себя функцию распространения информации в различных жанрах и формах.

Целью данного исследования является изучение методов трансляции контента на казахском языке в Telegram, а также определение преимуществ данного канала перед другими социальными сетями и основания его конкурентоспособности. Для достижения поставленной цели была поставлена задача взять один информационный портал, вещающий на казахском языке и проанализировать его контент и формат в Telegram. По результатам исследования было установлено, что Telegram эквивалентен отраслевым публикациям в традиционных СМИ. То есть, Telegram-каналы следуют определенному направлению и соответственно распространяют схожий контент. Также, установлено, что количество подписчиков информационных телеграм-каналов значительно превышает тиражи периодических изданий.

Telegram относится к надежной социальной сети, как с точки зрения безопасности использования, так и с точки зрения защиты персональных данных пользователя. Аудитория также часто использует эту сеть для поддержания качества контента. Авторы отмечают, что в 2019 году, когда в стране были политические конфликты и Интернет был заблокирован, жители подключались через VPN и получали информацию через сеть Telegram. Аналогичный доступ к новостям в Telegram через прокси-серверы Интернета зафиксирован и во время январских событий 2022 года.

В статье приведены статистические данные, проведено сравнение и контент-анализ публикаций, использованы методы оценки качества и просмотров текстов СМИ. Также были приведены мнения зарубежных экспертов.

Практическая значимость исследовательской статьи заключается в адаптации информации к Telegram-каналам, тем самым происходит привлечение аудитории к газете, сайту и телеканалу. Кроме того, есть возможность получать новую информацию при подготовке контента для Telegram.

Ключевые слова: социальные сети, Telegram, отраслевые СМИ, новые медиа, безопасность, прокси-сервер, блокировка интернета.

Кіріспе

Телеграмм әлеуметтік желі қолданушыларының арасында сенімді әрі қауіпсіздігі жоғары желі ретінде танылған. Ондағы контенттің ойын-сауыққа емес, көбінесе ақпараттық, пайдалы бағытқа негізделгені үшін де аудиторияны көптеп тартады. Бүгінде ақпараттық технология жылдам дамып, барлық салаға қарқынды өзгеріс енгізуде. Бұл саладан медиа саласы да тысқары қалған жоқ. Дәстүрлі БАҚ жаңа медиаға жол бермей, жаңашылдыққа барынша ілесіп келеді. Мақаланың өзектілігі – жаңа медиа мен дәстүрлі БАҚ-тағы ортаның табу, жаңа медиа тенден-

цияларын дәстүрлі БАҚ-та ұтымды қолдануды қарастыру. Сонымен қатар аудитория жаңа медиа арқылы дәстүрлі БАҚ-қа баратындай шеңбер балансын құру да мақаланың өзектілігіне айналып отыр.

Телеграм желісі әуелі өзінің қауіпсіздігі арқылы аудиторияның сұранысына ие. 2013 жылдың басында, телеграмм іске қосылмай тұрып, Дуровтың (телеграмды құрушы) пәтеріне полиция тінту жүргізген. Осыдан кейін кәсіпкер бірнеше ай бойы жасырынып жүрді. 2013 жылдың маусымында Эдвард Сноуден NSA туралы ісі әшкереленген соң, Дуровқа бұл оқиға қатты әсер етті: «Біз қауіпсіздік біздің ғана емес,

жаһандық мәселе екенін түсіндік”,- дейді. 2014 жылдың қаңтарында Кремльмен байланысы бар инвесторлар Вконтакте желісін бақылауға алды. Ал ағайынды Дуровтар өз акцияларын сатып, Ресейден қашуға мәжбүр болды. Содан бері ағайындылар қуғында өмір сүріп, телеграмды дамытуға көп көңіл бөледі. Платформаның құпиялылыққа бағытталғаны таңқаларлық емес, ол туралы автор: «Кейбір елде үкіметті сынау заңсыз болса, телеграм мұндай саяси астарлы цензураның бір бөлігі болмайды. Бұл біздің құрылтайшылардың қағидаларына қайшы келеді. Біз террористік (мысалы, ISIS-ке қатысы бар) боттар мен арналарды бұғаттасақта, бейбіт түрде балама пікір білдіретін ешкімді бұғаттамаймыз» деп пікір білдірген.

Тақырыпты талдау мен дәйектеу

XXI ғасырдың бас кезінде интернет едәуір дамып, коммуникацияның жаңа құралдары қолданысқа ене бастады. Басында тек хат алмасу мен көңіл-күйді білдіретін әлеуметтік желілер алғашқы онжылдықтан кейін ақпарат алмасып, жаңа медианың бір түріне айналып шыға келді.

Әр әлеуметтік желінің өзіне сай атқарған функциясы болды. “Мой мир” (агент) электрондық поштадан кейінгі цифрлық байланыс құралы еді. Қолданушылардың эл.поштадан оны көп қолдануының бір себебі ыңғайлы әрі қызық интерфейсінде болатын. Түрлі көңіл-күйді білдіретін эмоджилар, әр қолданушының жағдайын білдіріп тұратын статус және жеке суреттері қабырғаларының (стена) көркін кіргізетін еді. Кейіннен оның орнын ресейлік желі Вконтакте басты. Алдыңғы желімен салыстырғанда мұндағы басты ерекшелік user experience-тың қолайлы болуында еді. Өйткені қабырға да (стена), хат жазатын терезе де барлығы бірге орналасқан. Дәл осы желіде ақпараттың әртүрлі каналдары (бірлестіктер, сообщество) шыға бастады. Атап айтқанда ән, тарих, сәулет өнері, мотивация, бизнес, өнер сияқты тақырыптарға арналған сансыз бірлестіріктер құрыла бастады. Аудитория бұрын мерзімді басылымдарға жазылған сияқты бұл топтарға да жазылып алып, жаңа ақпараттарын оқып, қызық болса бөлісіп, ұнаса пікір қалдырып, лүпіл басытын болды. Кейіннен Facebook, сосын Instagram желісі танылды. Facebook Вконтакте мен Мой мир желілеріне ұқсас болды. Оларда қабырғаға сурет салмай-ақ жазба қалдыруға болатын еді. Ал инстаграмның ерекшелігі сол бірде бір жаз-

баны суретсіз жариялауға болмайды. Жоғарыда атап өтілгендей, бұл желілерді басында тек жеке тұлғалар ғана қолданып жүрді. Кейіннен барып ұйымдар мен мекемелер де тіркеле бастады. Желілердің ортақ тұсы алдымен ақпараттық, кейін танымдық бағыт болды. Өзара ақпарат алмасып үйренген аудитория Вконтакте желісінде түрлі танымдық топтарды оқыды. Ал Facebook-те сәл өзгешелеу еді. Ондағы аудитория жасы өзгелерден 10 жылға алда болатын. Сондықтан да пікір білдіру, парақша жүргізу бағыты басқа болды. Телеграм желісі де хат алмасу, суреттердің сапасын сақтау бойынша басталып, кейіннен жан-жақты ақпарат беретін онлайн арнаға айналды. Мұнда барлық формат: мәтін, сурет, аудио, видео да мүмкін еді.

Әдебиеттерге шолу

О.Ляховненко (Lyakhovenko, 2022) телеграм кей аудитория үшін коммуникациялық сұрақтарды шешуге арналған дегенді айтады. Өйткені бұл әлеуметтік желіде сарапшылар мен сарапшылық орталықтардың пікірлері, бағалаулары мен аналитикалық ойлары жазылған канал жұмыс істейді. Онда постар жариялау арқылы түсініктеме беру ыңғайлы. Қоңырауларға үнемі жауап берудің және журналистерге бірдей жауап берудің орнына (содан кейін айтылғандарды нақтылау және т.б.), маман кең аудитория қолдана алатын қысқа және мазмұнды тұжырымдама жаза алады. Телеграмда аналитикалық баяндамалар, презентациялар, кітаптар, жазбалар, слайдтар және т. б. сияқты сараптамалық өнімдерді орналастыру ыңғайлы. Мессенджердің функционалдығы толық мәтінді зерттеулері бар файлдарды орналастыруға, мессенджерлерде ақпаратты жіберуге, қайта жариялау кезінде түсініктеме беруге және т. б. мүмкіндік береді.

Телеграм арналарының бірінші және екінші тобы арасындағы «ортаңғы» аймақта «инсайдерлік» арналар жұмыс істейді, олар бір жағынан саяси және коммуникациялық мәселелерді шешеді, ал екінші жағынан процестер мен оқиғалар туралы эксклюзивті ақпарат бере алады. Бұл өз кезегінде бірінші көздегі ақпарат болып саналады.

Сондай-ақ салалық, аймақтық немесе тақырыптық контексте өзекті ақпаратты жинайтын телеграм-арналарды, агрегаторларды, бөлек атап өтуге болады. Олар қызықтыратын тақырып бойынша тұрақты кәсіби мониторинг

субъектісі ретінде ыңғайлы. Аудитория оларға өздері түсірген видеолар мен аудиторияларды, суреттерді жіберіп тұрады. Алайда өздері бірегей сараптамалық контент дайындамайды. Бұған дәлел ретінде “Настоящее время” арнасын айтсақ болады. Аталмыш арна оқырмандарының жіберген видеолары арқылы 2020 жылғы Белоруссиядағы қақтығыс туралы “Мы не знали друг друга до этого лето” фильмін түсірген.

Іс жүзінде телеграм арналарының барлық аталған түрі параллель жұмыс істейді. Бұл оған дейін ол ақпаратты оқымаған оқырманға ақпараттық шок әкеледі. Нәтижесінде, оқырман жарияланған материалдарды түсініп, олардың мазмұнына сын көзбен қараудың орнына, өзіне жақын саяси ұстанымды тарататын арналарды таңдайды немесе материалды беру стилі мен форматы бойынша ерекшеленетін ақпаратты таңдайды (көбінесе жанжалды және жалған). Сондай-ақ дұрыс құрылмаған ақпарат ағынын таңдауы мүмкін. Кәсіби жағынан бұл тәсіл нәтижесіз болғандықтан, саяси телеграм арналарының жұмыс істеуінің аналитикалық моделін құру туралы мәселе туындайды.

Телеграмның мессенджер ретіндегі функционалдығы маңызды рөл атқарады, соның ішінде жазбаларды тұрақты хабарламалар ретінде қайта жіберу мүмкіндігін атап өтуге болады. Facebook сияқты әлеуметтік желілерден айырмашылығы, оқырман жаңалықтар лентасын өзі реттейді. Оның алгоритмдері хабарламаларды жасырмайды және бұрын оқылған жазбаларды жаңа ретінде көрсетпейді, интрузивті жарнама жоқ, арналар тарихы (файлдар мен сілтемелер бойынша іздеуді қоса алғанды) сияқты ыңғайлы іздеу жүйесі бар. Сарапшылар мен саяси коммуникацияның кәсіби қатысушылары үшін бұл абсолютті плюс деп айту керек.

Испандық бұқаралық ақпарат құралдары телеграмм ұсынатын жаңалықтар тақырыптары, шұғыл жаңалықтар туралы ескертулер және мультимедиялық контент сияқты әртүрлі қызметтерін атап өтті. Екінші жағынан, журналистік компаниялардың телеграмм сияқты лезде хабар алмасу платформаларында тіркелгені анықталды. Жаңа медиа ұсынатын қосымшалар мен артықшылықтарды пайдалануға тырысады, осылайша аудиторияның назарын аудару үшін оларды ақпараттық стратегияға енгізген.

Бұл осы мобильді платформалар ұсынатын техникалық мүмкіндіктердің арқасында жүзеге асты. Ол: нақтылық, жеделділік және контентті ортақ пайдалануды қамтиды. Ақпараттық құрал

ретінде мобильді құрылғылардың интерактивті мүмкіндіктері көп, сондай-ақ контенті әр қолданушыға қарай бейімдей алады. Платформадағы хабарламаларды алмасу бұқаралық ақпарат құралдарын оқырмандарын жаңалықтарды қалт жібермеуге, оларды әрдайым құлақтандырып отыруға әкелді. Жоғарыда аталған мультимедиялық функциялар әлеуметтік медианың қарқынды түрде өсуіне себеп болды. Сондай-ақ контентті Интернет арқылы жасау мен тарату құралдарының төмендеуі және аудиторияның белсенді рөлге ие болуы да негізгі фактордың бірі болып отыр. (Negreira-Rey, Lopez-Garcia and Lozano-Aguilar, 2017).

Cornia et al. (2018) дерегіне сәйкес, бұл трендтер еуропалық БАҚ-тың цифрлық желі мен жаңалықтар тарататын платформаларға деген инвестицияның өсуіне әкелді. Олар 3 стратегиялық қадамдарды қамтыды: өздерінің сайттарына трафик тарту, басқа платформаларда көріну және охватты көбейту, сондай-ақ цифрлық жазылымдар санын (подписка) санын көбейту болды.

Басқалардың назарын аудару артықшылықтарға да, күштің болуына да әкеледі. Назар аудару, (Perez-Serrano, 2011) бойынша, басқалар сияқты тауар емес, кез келген экономикалық транзакцияның қажетті шарты. Сонымен қатар, аудиториялардың күші ақпаратқа қол жеткізудің үнемі өсуіне байланысты контентті таңдауға негізделген. Пайдаланушы өз уақыты мен назарын жұмсайтын контентті таңдай алуы керек. Аудиторияның белгілі бір әлеуметтік желіге немесе белгілі бір хабар алмасу платформасына бөлетін уақыты оның экономикалық өміршеңдігінің көрсеткіші деп баға беріледі (Bueno, 2017). Осылайша, ақпаратты өңдеу әдісін үш кезеңмен қорытындылауға болады (Davenport & Beck, 2002): ақпаратты білу/түсіну; белгілі бір мәселеге назар аудару; және әрекет ету немесе жасамау туралы шешім қабылдау.

Телеграмды дұрыс пайдалану әлеуметтік құпиялылықты тұжырымдамалық түрде өзгертетін сияқты. Қолданба жариялылықты іздейтін жалпы пайдаланушымен емес, жеке пайдаланушымен коммуникация құратын қауіпсіз қосылымды ұсынады (de Zeeuw and Tuters). «Жеке әлеуметтілік» жеке пайдаланушыға (міндетті түрде жариялылық/танымалдыдық іздемейді) немесе бетперде киген пайдаланушыға (көбірек назар аударуы мүмкін) жеке чаттар мен жеке топтық чаттардағы белсенділікті қамтитын термин болуы мүмкін.

Екіншіден, ұйымдастыруға, жұмысқа қабылдауға, сөйлесуге және т.б. болатын жеке кеңістіктерді қоспағанда, телеграмм пайдаланушысы әлі де жариялылыққа ұмтылуы мүмкін. Мұнда арнаны пайдалану маңызды, өйткені YouTube сияқты жазылушыларға хабар таратуға мүмкіндік береді.

Автор желідегі белсенді әрі атақты адамдарды тапқан, бірақ аудиторияның сиреп бара жатқанын айтты; тілдерінің жұмсарғанын да анықтаған. Сондай-ақ Facebook пен Instagram-ның сәтті болғанын, бірақ экстремалды атақты адамдар үшін тартымсыз болып қалғанын анықтаған. Ал YouTube және Twitter маңызды болып қала бермек деді. Ричард Роджерс (Rogers, 2020) телеграмм онлайн хабар алмасу қолданбасының соңғы жылдары танымалдығы артып, 2020 жылдың аяғында ай сайынғы белсенді пайдаланушылар саны бойынша Twitter және Snapchat-тан асып түскенін айтады. Сондай-ақ мессенджер 2019-2020 жылдары Беларусь, Ресей және Гонконгты қоса алғанда, бірнеше елдердегі қозғалыстарға наразылық білдіру үшін маңызды болды (Urman, 2021). Дегенмен, бүгінге дейін телеграммдағы онлайн әрекеттерді зерттеген бірнеше зерттеулер ғана болды және ешқайсысы наразылық мобилизациясына қатысты платформаны талдаған жоқ. Осы зерттеуінде автор Гонконгтағы 2019 жылғы наразылықтарға байланысты телеграмм негізіндегі әрекеттерді қарастыру арқылы бар олқылықты қарастырады. Ол мақалада телеграммдағы наразылықтарды жұмылдыру және үйлестіруді зерттеу үшін қолданылатын әдістемелік құралдардың мысалын ұсынуды мақсат етеді. “Біз сондай-ақ ресурсы төмен азиялық тілдердің бірі саналатын кантон тіліндегі есептеу мәтінін талдау бойынша зерттеулерге, сондай-ақ Гонконгтағы наразылықтарға арналған және жалпы әлеуметтік медиа негізіндегі наразылықты жұмылдыру бойынша зерттеулерге үлес қосамыз. Ол үшін біз телеграмм API арқылы жиналған деректерге және желілік талдау мен есептеу мәтінін талдаудың комбинациясына сүйенеміз. Біз телеграмм желісінің наразылыққа қатысты ақпараттың тиімді таралуын қамтамасыз ететін біртұтас болғанын байқаймыз. Телеграмм арқылы таралатын контент негізінен болашақ әрекеттерді талқылауға және наразылық бойынша сайттағы ақпаратқа қатысты болды (яғни, полицияның белгілі бір аймақтарда болуы). Біз әр айдағы телеграмм желісін бақылауда әртүрлі қатысушылардың үстемдік еткенін

байқаймыз, бұл бір көшбасшының жоқтығын айғақтайды. Сонымен қатар, дәстүрлі наразылық жетекшілері – 2014 жылғы Қолшатыр қозғалысы кезінде танымал болғандар – бұқаралық ақпарат құралдары мен азаматтық ұйымдар жергілікті қауымдастықтарға қарағанда желіде азырақ танымал болды. Ақырында, біз 2020 жылдың шілде айында Ұлттық қауіпсіздік туралы қатаң заң қабылданғаннан кейін телеграмм деңгейінің төмендегенін байқадық. Бұл әсердің ұзақ мерзімді перспективада сақталуын бағалау үшін қосымша зерттеу қажет”,- дейді.

Телеграмм сонымен қатар авторитарлық мемлекеттерде бұғаттау әрекеттері аясында тұрақтылықты көрсетті. Осындай сәтсіз әрекеттердің бірі Ресейде 2018 жылы телеграмм Ресей билігіне пайдаланушы деректеріне қол жеткізуден бас тартқаннан кейін жасалды. Бұған жауап ретінде Дуров Телеграмға ресейлік пайдаланушылар үшін қолжетімді болып қалуға көмектесу үшін бүкіл әлем бойынша прокси-серверлер құрған анонимді әзірлеушілер қауымдастығын құратын «цифрлық қарсылыққа» шақырды (Liao, Lomas, 2020).

телеграмм авторитарлық режимдердегі саяси белсенділер үшін өте маңызды техникалық тұрғыдан алғанда «көптеген құпиялылық пен анонимділікті, сонымен қатар жариялылық (арналар арқылы) және үйлестіру мен жұмылдыру (топтар арқылы) алу мүмкіндігін» біріктіреді (Urman, Katz, 2020). Жалпы және жеке арналар, жалпы және жеке топтар, шифрлау, құпия чаттар, әлдене жіберу мүмкіндігі және анонимді бағыттау сияқты қолданба мүмкіндіктерінің көпшілігін Урман мен Катц сипаттаған.

Телеграммда айтылған мүмкіндіктерден басқа, наразылық контекстінде үлкен маңызға ие басқа да мүмкіндіктер қарастырылған: алгоритмдік сүзгілеудің, жарнамалардың жоқтығы және телеграммда жаңа арналарды табудың қиындығы. Алгоритмдік сүзгілеудің болмауына байланысты пайдаланушылар қолданбада не көретінін басқара алады. Арналар мен топтарды табу қиын болғандықтан, олардың өсуі мен танымалдығы басқа – бұрыннан танымал – телеграмм көздерінің оларға сілтеме жасайтындығына байланысты. Ақылы мазмұнды жылжытудың болмауымен қатар, бұл авторитарлық мемлекеттерге Facebook немесе Twitter сияқты басқа платформалармен салыстырғанда телеграммда хабарламаларды спам жасау және ұстап алу қиынырақ дегенді білдіреді. Ақырында, Ресейдің, ал жақында Беларусьтің мысалы көрсеткендей, телеграммды

бұғаттау қиын, бұл авторитарлық үкіметтердің репрессиясына қарсы күресіп жатқан наразылық білдірушілер үшін өте өзекті.

Телеграм бүкіл әлем бойынша наразылық білдірушілер арасында танымал болғанына қарамастан, қолданба арқылы наразылықты жұмылдыруды зерттейтін зерттеулер жоқ. Біз бұл зерттеулердегі үлкен алшақтық деп санаймыз. Платформаның мүмкіндіктері Facebook немесе Twitter мүмкіндіктерінен айтарлықтай ерекшеленеді және телеграм негізіндегі наразылықты жұмылдыру басқа платформаға қарағанда мүлдем басқаша жұмыс істеуі мүмкін. Мысалы, жеке жалпыға қол жетімділік — «қосылу әрекеті» деп аталатын негіз (Bennett, Segerberg) – платформаның қалай ұйымдастырылғанына байланысты телеграмда онша көп рөл атқармайды. Олардың арнасында пайдаланушы достарының жеке хабарламаларын немесе достары көпшілік алдында қайта орналастырған нәрсені емес, өзі бақылайтын қоғамдық арналардағы жазбаларды көреді. Соңғы мүмкіндік телеграмда жоқ. Автор бұл мақалада біз мысал ретінде телеграм қолдайтын ең үлкен демократиялық қозғалыстардың бірі – 2019 жылғы Гонконг наразылықтарын пайдалана отырып, наразылықтарды жұмылдыру платформада қалай жұмыс істейтінін мұқият қарастырған. Платформадағы наразылықты жұмылдыру және үйлестіруді зерттеу үшін телеграм деректерін жинау және талдау үшін пайдалануға болатын әдістемелік құралдардың мысалын ұсынуды мақсат еткен. Ақырында, бұл зерттеу 2019 жылғы Гонконгтағы наразылықтар туралы әдебиеттерге қосылады.

Нәтижелері және талқылау

Телеграм басында кезекті мессенджерлердің бірі болып құрылғанымен, кейін оны қолданушылардың саны миллиардтан асқан соң бұл желі БАҚ-тың үлкен бәсекелесі атанып, өзекті ақпараттар алатын балама ақпарат көзі ретінде танылды.

Сондай-ақ ол қоғамдық пікір қалыптастыра алатын алапат күшке ие. Жоғарыда авторлар айттып кеткендей, әр тақырып, әр салаға қатысты әрбір сарапшының өз телеграм арнасы бар. Бұл XX ғасырдағы салалық басылымдардың балама нұсқасы ретінде көрініс табады. Тек өзгешелігі ретінде оқырмандың пікір жаза алуын, ақпаратты бөлісе алуын айтуға болады. Жалпы жаңалықтар тарататын сайттар салалық

ақпараттарды түрлі жанрда беруі мүмкін. Ал салалық телеграм арналарда ақпараттардың сурет, видеосы, кейде аудио хабарлармен толығып отырды.

TG Stat агенттігінің рейтингі бойынша, ақпараттық сайттардан бөлек, ТОП 10-қа мынадай телеграм арналары (публиктер) кіреді: qumash, ztb, не хабар телеграм арналары бар. Аталмыш арналар тек ақпарат жариялап қана қоймай, сондай-ақ түрлі интерактивті байқаулар мен интертейнмент бағытындағы контентті ұсынады. Бұл арналарға жазылып, олар ұсынған контентті ұсынатын орта есеппен 80 000 қолданушы оқиды екен.

Телеграм контентіне зерттеу жасайтын болсақ, басқа желілерден өзгешелігін бірден байқай аламыз. Мәселен bugin.kz телеграм арнасының контентіне шолу жасап көрейік. Телеграм арна 2022 жылы ашылған. Басында тек мәтін жаңалықтар және сурет пен мәтін берілген. 2023 жылдың наурыз айынан бастап колобок видеолар жариялана бастады. Колобок видео дегеніміз – 1 минутқа дейінгі қысқа нұсқа ақпараттың хабарлануы. Google сауалнаманың нәтижесінде респонденттердің 90%-ы күннің өзекті жаңалықтарын қысқа форматта оқуы үшін ғана телеграм арналарын оқитынын айтты. Телеграмның тағы бір функциясы оқырмандарды сайтқа бағыттап отырады. Яғни, ақпаратты қысқа ғана жариялап, материалды толық оқу үшін сілтеме қалдырады. Ал колобок видеолар кез келген ақпаратты визуалды түрде қабылдайтын оқырмандар үшін оңтайлы шешім болды. Одан бөлек, аудиалдар үшін материалдың аудио нұсқасы да жарыққа шығып тұрады. @bugin.kz телеграм арнасындағы колобок видео мен аудио нұсқаның айырмашылығы қатты көп емес. Видео орта есеппен 350 қаралым жинаса, аудионы 300 қолданушы тыңдайды.

Ал 127 623 оқырманы бар @orda телеграмның контентіне тоқталып көрейік. Мұнда bugin.kz телеграм арнасындағыдай аудио, видео нұсқа жоқ. Алайда аудиторияның өте белсенді екенін байқауға болады. Дәл сондай бағыттағы, алайда оқырман саны екі есе көп Tengrinews телеграм арнасындағы контент те тура сондай. Мәтін, мәтін+фото, мәтін+видео. 33 840 оқырманы бар Massaget news арнасында да колобок видео мен аудио жаңалық кездеспейді. Демек, мұндай форматты енді ашылған, енді оқырман жинай бастаған арналарға тән құрал деп айтуға болады. Яғни, телеграм youtube-тың, instagram-ның элементтерін өзінде сәтті

қолдануға мүмкіндік беріп отыр. Сондай-ақ әлеуметтік желінің премиум нұсқасында оқырмандар интерактивті байланысуға болатын жолдар қарастырылған. Енді осы жылы instagram-ның сторис элементі телеграмда да пайда болды.

Алматы қаласында өткен Media Camp Fest Ортаазиялық фестивалыда “Настоящее Время” телеарнасының цифрлық платформа редакторы Любовь Багацкая телеграмм желісінің мүмкіндіктеріне тоқталып өтті. Аталмыш әлеуметтік желі ақпаратты жедел таратуға, брендтің танымал болуына, аудиторияны тартуға, трафик тартуға, оқырманға жақын болуға және ақпарат жинауға мүмкіндік береді. Телеграмм арнасын ашарда мынадай критерийлерді ұстану керек:

- арнаның мақсаты (телеграмм не үшін керек – трафик тарту үшін, танымал болу үшін, бренд қалыптастыру үшін);
- аудиториясы (кім, қайда және бұл арна оған не үшін керек);
- тұжырымы мен бағыты (ақпарат беру, мәдени жаңалықтар, шоу бизнес жаңалықтары);
- тақырыбы (ішкі саясат, сыртқы саясат, адам құқығы, спорт);
- бәсекелестер және/немесе серіктестер;
- мотивациясы (эксклюзивті жаңалық беру, жедел ақпарат беру, ашық ақпарат беру);
- контенттің түрі мен саны (қандай жиілікте шығады);

Қорытынды

Бүгінде телеграмды тек әлеуметтік желі ретінде ғана пайдаланатындар көп емес. Желі қолданушыларының өзінде жеке түрлі

бағыттағы арналарын жүргізеді. Сондай-ақ ауыр файлдарды бір-біріне сапасын сақтап жіберуде осы желіні қолданады. Телеграмды әу баста құрғанда ондағы қолданушылардың жеке деректері қатаң сақталып, қауіпсіздігі жағынан өзге желілердің ішінде алдыңғы орында тұрды. Телеграмның өзге желілерден ерекшелігін қазақстандық қолданушылар 2019 жылы байқай бастады. Содан бастап бұл желі қолжетімділік жағынан да, контент беру жағынан да алда болды. Бұл еліміздегі цензураның өршіп, әлеуметтік желілердің жиі бұғаттала бастаған кезі еді. Ал контент бойынша алда болу себебі барлық тәуелсіз авторлар мен ашық ақпарат тарататын ұйымдар осы желіге көшті. Атап айтар болсақ, Ержан Рашев, Алишер Елікбаев, Бейбіт Әлібеков пен Әсем Жапишеваның телеграм арналары желі қолданушыларының арасында жоғары сұранысқа ие болды. Сондай-ақ 2022 жылы болған Қаңтар оқиғасы кезінде ел тұрғындары арнайы прокси серверлер арқылы телеграмм желісіне кіріп, ақпарат алды. Осылайша, бұл желі қолданушылар арасында сенімді, қауіпсіз әрі ақпарат алуға ыңғайлы желі ретінде танылды. 2022 жылы Қаңтар оқиғасы кезінде де қолданушылар прокси серверлер арқылы интернетке қосылып, телеграм арқылы байланысқа шықты. Сондағы телеграм арналардағы контентті қолданды. Зерттеу мақаласының мақсаты телеграмның өзге әлеуметтік желілерден қай артықшылығы бұқаралық ақпарат құралдарының мықты бәсекелесіне айналуына себепкер болғанын анықтау болатын. Төмендегі кестеге мерзімді басылым мен ақпараттық телеграм арналарының оқырмандар санына салыстырмалы талдау жасалды.

1-кесте – Мерзімді басылым мен телеграмм арналары оқырмандарын салыстыру

Мерзімді басылым	Таралым саны	Телеграмм арна	Оқырман саны
Егемен Қазақстан	150 000	Tengrinews	209 415
Жас Алаш	140 000	Orda	125525
Ана тілі	23500	Massaget	29 780
Алаш айнасы	10 000	ZTB_kz	146 606
Алматы ақшамы	12 000	Qumash	126 362

Зерттеу қорытындысына сәйкес, оның дәстүрлі медиадан мына көрсеткіштер бойынша ерекшеленіп, алға шыққанын айтуға болады:

- Жеделдік. Ақпарат тексеріліп, шыққан соң теледидар форматы бойынша арнайы сюжет жасалады. Ол белгілі бір хабардың сценарийі бойынша жүзеге асады; Радиода эфир уақытында

ғана айтылады. Сондай-ақ радиодағы хабар тарату ұзақтығы 5 минут болса, телеграмдағы коллобок 1 минут қана.

● Стандарттың жоқтығы. Жоғарыда кез келген адам контент өндіре алатынын, ал кей телеграм арналар өздері контент жасамай, оқырмандары жіберген видеоларды салып отыратыны айтылған. Демек, олардың көбінде видеоның сапасына мән берілмейді. Осылай-

ша, телеграм арналар контенттің берілу стиліне емес, контенттің өзіне назар аударады.

● Қауіпсіздігі мықты. Қазір дәстүрлі медиа арасында тәуелсіз БАҚ-тың көбейгені таңғаларлық емес. Алайда олардың қауіпсіздігі толықтай шешілді деп айта алмаймыз. Өйткені кез келген сәтте билік тарапынан бұғатталуы мүмкін. Ал телеграм арналар мықты прокси сервер арқылы да хабар таратып, аудитория арасындағы қолданылуын жалғастыра береді.

Әдебиеттер

- Bennett WL, Segerberg A. (2012) The Logic of Connective Action. *Information, Communication & Society*. 2012;15(5):739–768.
- Celis Bueno, C. (2017). Economía de la atención y visión maquina: hacia una semiótica asinificante de la imagen. *Hipertextos*, 5(7), 41-55. Retrieved from <https://revistas.unlp.edu.ar/hipertextos/article/view/7759>
- Cornia, A., Sehl, A., Levy, D. A. & Nielsen, R. K. (2018). *Private Sector News, Social Media Distribution, and Algorithm Change*. Oxford, UK: Reuters Institute for the Study of Journalism/University of Oxford.
- Davenport, T. H. & Beck, J. C. (2002). *La economía de la atención: el nuevo valor de los negocios*. Barcelona: Paidós.
- Negreira-Rey, Lopez-Garcia and Lozano-Aguilar. (2017) Instant Messaging Networks as a New Channel to Spread the News: Use of WhatsApp and Telegram in the Spanish Online Media of Proximity DOI:10.1007/978-3-319-56541-5_8
- Liao R, Lomas N. (2020) Telegram pledges to make anti-censorship tools for Iran and China;. Available from: <https://social.techcrunch.com/2020/06/22/telegram-anti-censorship-china-iran/>.
- Oleg I. Lyakhovenko (2022) Telegram Channels in the System of Expert and Political Communication in Modern Russia. *Galactica Media: Journal of Media Studies*. 2022. No 1 | ISSN: 2658-7734 <https://doi.org/10.46539/gmd.v4i1.230>
- Pérez-Serrano, M. J. (2011). Economía de la atención la implicación de la cultura digital en el cambio corporativo y empresarial del Grupo Prisa. In I. Bort Gual, S. García Catalán & M. Martín Núñez (Eds.), *Nuevas tendencias e hibridaciones de los discursos audiovisuales en la cultura digital contemporánea* (pp. 272-280). Actas del IV Congreso Internacional sobre análisis filmico. Universitat Jaume I, Castellón 4-6 mayo de 2011. Madrid: Ediciones de Ciencias Sociales.
- Richard Rogers (2020) Deplatforming: Following extreme Internet celebrities to Telegram and alternative social media. Article reuse guidelines: sagepub.com/journals-permissions DOI: 10.1177/0267323120922066 journals.sagepub.com/home/ejc
- Urman A, Katz S. (2020) What they do in the shadows: examining the far-right networks on Telegram. *Information, Communication & Society*. 2020;0(0):1–20.

Электрондық ресурстар:

- Каталог Telegram-каналов и чатов <https://kaz.tgstat.com>
- Информационно-аналитический портал ORDA Kazakhstan <https://web.telegram.org/a/#-1499924082>
- Қазақстандағы және әлемдегі кейінгі жаңалықтар <https://web.telegram.org/a/#-1739455823>
- Официальный канал Tengrinews.kz. Новости Казахстана. <https://web.telegram.org/a/#-1003360080>
- Танымдық материалдар: @massaget_kz <https://web.telegram.org/a/#-1399541580>

References

- Bennett WL, Segerberg A. (2012) The Logic of Connective Action. *Information, Communication & Society*. 2012;15(5):739–768.
- Celis Bueno, C. (2017). Economía de la atención y visión maquina: hacia una semiótica asinificante de la imagen. *Hipertextos*, 5(7), 41-55. Retrieved from <https://revistas.unlp.edu.ar/hipertextos/article/view/7759>
- Cornia, A., Sehl, A., Levy, D. A. & Nielsen, R. K. (2018). *Private Sector News, Social Media Distribution, and Algorithm Change*. Oxford, UK: Reuters Institute for the Study of Journalism/University of Oxford.
- Davenport, T. H. & Beck, J. C. (2002). *La economía de la atención: el nuevo valor de los negocios*. Barcelona: Paidós.
- Negreira-Rey, Lopez-Garcia and Lozano-Aguilar. (2017) Instant Messaging Networks as a New Channel to Spread the News: Use of WhatsApp and Telegram in the Spanish Online Media of Proximity DOI:10.1007/978-3-319-56541-5_8
- Liao R, Lomas N. (2020) Telegram pledges to make anti-censorship tools for Iran and China;. Available from: <https://social.techcrunch.com/2020/06/22/telegram-anti-censorship-china-iran/>.
- Oleg I. Lyakhovenko (2022) Telegram Channels in the System of Expert and Political Communication in Modern Russia. *Galactica Media: Journal of Media Studies*. 2022. No 1 | ISSN: 2658-7734 <https://doi.org/10.46539/gmd.v4i1.230>
- Pérez-Serrano, M. J. (2011). Economía de la atención la implicación de la cultura digital en el cambio corporativo y empresarial del Grupo Prisa. In I. Bort Gual, S. García Catalán & M. Martín Núñez (Eds.), *Nuevas tendencias e hibridaciones de los discursos*

audiovisuales en la cultura digital contemporánea (pp. 272-280). Actas del IV Congreso Internacional sobre análisis filmico. Universitat Jaume I, Castellón 4-6 mayo de 2011. Madrid: Ediciones de Ciencias Sociales.

Richard Rogers (2020) Deplatforming: Following extreme Internet celebrities to Telegram and alternative social media. Article reuse guidelines: sagepub.com/journals-permissions DOI: 10.1177/0267323120922066 journals.sagepub.com/home/ejc

Urman A, Katz S. (2020) What they do in the shadows: examining the far-right networks on Telegram. *Information, Communication & Society*. 2020;0(0):1–20.

Electronic resources:

Catalog of Telegram channels and chats <https://kaz.tgstat.com>

Information and analytical portal ORDA Kazakhstan. <https://web.telegram.org/a/#-1499924082>

Subsequent discoveries in Kazakhstan and the world <https://web.telegram.org/a/#-1739455823>

Official Channel Tengrinews.kz. News of Kazakhstan <https://web.telegram.org/a/#-1003360080>

Educational materials: @massaget_kz <https://web.telegram.org/a/#-1399541580>